

**«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Орталық аппаратында және өңірлік палаталарда құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас регламенті**

**18.01.2017 жыл**

8.4. Өзге кәсіпкерлік субъектілерінің үстінен түскен шағымдар екі жақтың да мүдделерін ескере отырып, Ұлттық кәсіпкерлер палатасында қаралады. Консультациялық-құқықтық көмек көрсету мақсатында шағым квазимемлекеттік сектор мен табиғи монополияларға және т.б. жіберілуі мүмкін.

Орындаушы тарапынан дауды бейбіт түрде реттеу үшін шаралар қолданылады (екі жақтың қатысуымен кездесу ұйымдастыру, өзара тиімді шешім тетігін әзірлеу және т.б.)

Мұндай арыз берушілерге кәсіпкерлік субъектілерінің тең құқықтылығы қағидаты бойынша «ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР заңының 4-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы бойынша консультациялық-құқықтық көмек көрсетіледі.

Өтінішті қарау уақытын оның күрделілігі мен сипатына қарай құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе жоғары лауазымды тұлға арыз берушіге аралық есеп берілген жағдайда және объективті себебі болған жағдайда және төмендегідей жағдайларда 15 күнге дейін соза алады:

1) өтініште, арызда, шағымда көрсетілген проблема жүйелік сипатта болған жағдайда (проблема Түйткілдер тізілімінде тұрған уақытқа дейін созылады);

2) арыз берушінің өтініші, арызы, шағымы уәкілетті мемлекеттік орган сот ісін жүргізу, дауды сотқа дейінгі қарау тәртібінде қаралады (мерзімі сот, уәкілетті мемлекеттік орган шын мәнінде шешім шығарғанға дейін созылады);

3) өтінішті қарау үшін өзге субъектілерден ақпарат алу қажет болады немесе жергілікті жерге барып тексеру қажет болады. Дәл осы жағдайда шағым қаралады және шағым түскен күннен бастап 30 күн ішінде шешім шығарылады.

4) өтініште, арызда, шағымда айтылған фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу ісі, қылмыстық қудалау органдарының тексеру ісі жүргізіледі (мерзімі тергеу, тексеру жүргізілетін уақытқа созылады).

5) арыз берушінің өтініші, арызы, шағымы шетелдің мемлекеттік органында (лауазымды тұлғада) болса (мерзімі аталмыш орган шағымды қарап жатқан уақытқа созылады);

б) арыз берушінің өтініші, арызы, шағымы уәкілетті ұйымда болса (мерзімі аталмыш ұйым шағымды қарап жатқан уақытқа созылады).

Басқарма Төрағасы, жетекшілік ететін басқарма мүшесі, Төраға, кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметті жүзеге асыратын хатшы және (немесе) ҰКП Кеңес хатшылығының басшысы ғана мерзімін тағы создуды объективті себеп болған жағдайда іске асыра алады және арыз берушіге аралық жауап беру үшін 15 күнтізбелік күнге немесе осы тармақтың 1) – б) тармақшаларында белгіленген мерзімге соза алады.

Осы тармақта аталған лауазымды тұлғалар объективті себепсіз және арыз берушіге жауап қайтарылмаған жағдайда мерзімін ұзартқаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Қарау мерзіміндегі өзгертулер туралы арыз берушіге қарау уақыты созылған күннен бастап, 3 күнтізбелік күн ішінде хабарлануы тиіс.

Өтініштер бойынша аралық жауапты арыз берушіге электрондық пошта арқылы жіберуге болады (ол болған жағдайда), хабарлама көшірмесін міндетті түрде электронды құжат айналымы жүйесіне жіберу қажет.

8.6. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтінішті Ұлттық кәсіпкерлер палатасы орталық аппаратының Құжат айналымы департаменті өтінімді орындау үшін Бизнес-омбудсменге жібереді, ал Бизнес-омбудсмен аппаратының басшылығына мәлімет үшін және қарау үшін өтінім келіп түскен күннен бастап, 30 күнтізбелік уақыт белгіленеді.

8.7. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен, бірақ Бизнес-омбудсменнің қарауына жатпайтын өтініштер:

- мемлекеттік органдар өз құзіреті шегінде алдын-ала қарамаған өтініштер;

- арыз берушінің құқығын өзге жеке кәсіпкерлік субъектілері бұзған жағдайда.

Мұндай өтінімдер түскен жағдайда Бизнес-омбудсмен аппараты арыз берушіге 10 күнтізбелік уақыт ішінде хабарлама жібереді. Мұндай өтінімдерді Бизнес-омбудсмен аппараты лауазымды тұлғаға және (немесе) өтініште баяндалған мәселені қарау құзіреті бар Ұлттық кәсіпкерлер

палатасының бөлімшесіне жібереді және Құжат айналымы департаментіне хабарлайды.

8.8. Бизнес-омбудсмен аппаратының басшысы мен оның орынбасарлары мәселені өңірлік деңгейде шешу үшін өтінімді Бизнес-омбудсмен аппаратының тиісті секторлар меңгерушілеріне жіберуге құқылы. Өтінімді қарау уақыты мен тәртібін Бизнес-омбудсмен аппараты секторының меңгерушісі 8.4. тармаққа сәйкес бекітеді.

8.9. Бизнес-омбудсмен аппаратының басшысына бұрын Бизнес-омбудсмен аппараты секторының меңгерушісі қараған мәселе бойынша қайталанған өтініш түскен жағдайда ол Бизнес-омбудсмен аппараты басшылығының қарауына жатады.

Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтінімдері қарау уақытын Бизнес-омбудсмен аппараты секторының меңгерушісі, Бизнес-омбудсмен аппараты басшысының орынбасары өтініштің күрделілігі мен сипатына байланысты өтініш берушіге аралық жауап беру арқылы ұзарта алады.

Өтінімді қарау уақытын ұзарту негіздері мен аралық жауап беру тәртібі осы Регламенттің 8.4. тармағында белгіленген.

Осы тармақта көрсетілген лауазымды тұлғалар өтінімдерді қарау уақытын объективті себепсіз және арыз берушіге жауап берместен ұзартқан жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартылады.